

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 тамыздағы № 497 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 маусымдағы № 386 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 08.06.2021 № 386 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 30-бабының 4-тармағына және 33-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 497 қаулысымен
бекітілген

Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптама жүргізу қағидалары "Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 30-бабының 4-тармағына және 33-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ғылыми сараптама жүргізуді қоспағанда, нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ғылыми сараптаманы ұйымдастыру және жүргізу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Үкіметінің 16.07.2020 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Нормативтік құқықтық актілердің ғылыми сараптамасы:

1) жобаның сапасын, негізділігін, уақтылылығын, құқыққа сыйымдылығын, жобада Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген адам және азамат құқықтарының сақталуын бағалау;

2) нормативтік құқықтық актінің ықтимал тиімділігін айқындау;

3) жобаның нормативтік құқықтық акт ретінде қабылдануының ықтимал теріс салдарын анықтау үшін жүргізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен әзірленген және Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ғылыми құқықтық, ғылыми экономикалық және ғылыми лингвистикалық сараптамалар жүргізіледі.

Ғылыми лингвистикалық сараптама қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндердің дәлме дәлдігі айқындау мақсатында жүргізіледі.

Қабылдануы экологиялық, оның ішінде радиациялық қауіпсіздікке, қоршаған ортаны қорғауға қатер туғызуы мүмкін заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілердің жобаларына міндетті түрде Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес ғылыми экологиялық сараптама жүргізілуге тиіс.

Заң жобалары Қазақстан Республикасы Президентінің заңнамалық бастамасы тәртібімен енгізілетін, ғылыми сараптама жүргізбеуге болатын жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілетін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша олар реттейтін қоғамдық қатынастарға қарай ғылыми сараптама жүргізу міндетті.

4. Заң жобаларына ғылыми сараптама жүргізуді ұйымдастыру:

заң жобаларының ғылыми құқықтық сараптамасы және ғылыми лингвистикалық сараптамасы бойынша Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне;

заң жобаларының ғылыми экономикалық сараптамасы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне (бұдан әрі – сараптаманы ұйымдастырушы) жүктеледі.

5. Халықаралық шарттардың жобаларына және Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттарға қатысты ғылыми сараптама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 қыркүйектегі № 938 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы қатысушы болуға ниеттенетін халықаралық шарттар бойынша, сондай-ақ халықаралық

шарттардың жобалары бойынша ғылыми сараптама жүргізу қағидасына сәйкес жүргізіледі.

2. Ғылыми сараптаманың түрлері

6. Нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша ғылыми ұйымдар немесе әртүрлі мамандықтағы сарапшылар кешенді сараптама жүргізуі немесе әр түрдегі дербес сараптамалар, қажет болған жағдайда қайталама сараптама жүргізілуі мүмкін.

Кешенді ғылыми сараптаманы ғылыми ұйымдар немесе нормативтік құқықтық актінің жобасын білімнің әр түрдегі салалары негізінде зерттеу қажет болған жағдайда әртүрлі мамандықтағы сарапшылар жүргізеді.

Әр түрдегі дербес ғылыми сараптама нормативтік құқықтық актінің жобасын білімнің бір саласы негізінде зерттеу қажет болған жағдайда жүргізіледі.

Қайталама ғылыми сараптама ғылыми ұйымның немесе сарапшының бастапқы ғылыми сараптама нәтижелері бойынша қорытындысы жеткілікті негізделмеген не оның дұрыстығы күмән туғызған жағдайда жүргізіледі.

Қосымша ғылыми сараптама нормативтік құқықтық актінің жобасын пысықтау нәтижесінде, сондай-ақ заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне сәйкес мүдделі мемлекеттік органдармен келісілгеннен кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізілгенге дейін оған тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

3. Ғылыми сараптама жүргізу үшін ұсынылатын материалдар

7. Әзірлеуші орган заң жобасының көшірмесімен бірге ғылыми сараптамаға мынадай материалдардың көшірмелерін (қағаз және электрондық жеткізгіштерде) ұсынады:

- 1) заң жобасына түсіндірме жазба (қазақ және орыс тілдерінде);
 - 2) қолданыстағы заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың тиісті негіздемесіне сәйкес заң жобасына салыстырма кесте (қазақ және орыс тілдерінде);
 - 3) заң жобасының тұжырымдамасы;
 - 4) бар болса, зерделеніп отырған проблема бойынша статистикалық деректер.
- Ғылыми экономикалық сараптама жүргізу үшін қосымша мыналар:

1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік орган басшысының жетекшілік ететін орынбасары әр парағын дәйектеген және қол қойған қабылданатын заң жобасының қолданылуының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі паспорт (қазақ және орыс тілдерінде);

2) мемлекеттік кірістерді азайтуды немесе мемлекеттік шығыстарды ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің жобалары бойынша Республикалық бюджет комиссиясына арналған қаржылық есептер ұсынылады.

Осы тармақта көзделген материалдарды ұсынбау ғылыми сараптама жүргізуден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Сарапшылардың не сараптаманы ұйымдастырушының сұрау салуы бойынша әзірлеуші орган заң жобасында қозғалған мәселелерге қатысты өзге де материалдарды екі жұмыс күні ішінде ұсынады.

8. Заңдардың жобаларын ғылыми сараптамаға жіберуді әзірлеуші орган немесе Парламент депутаттары өздері заң жобаларына бастамашы болған кезде жүзеге асырады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының заңнама бастамашылығымен дайындалған заңдардың жобалары ғылыми экономикалық сараптамаға жолданбайды.

Ғылыми экономикалық сараптама жүргізу үшін заң жобасын әзірлеуші орган заң жобасы бойынша материалдарды, оның ішінде электрондық жеткізгіште сараптаманы ұйымдастырушыға жібереді. Сараптаманы ұйымдастырушы заң жобасы бойынша материалдарды ғылыми экономикалық сараптама жүргізу үшін тартылған ғылыми ұйымға, сарапшыға жібереді.

4. Ғылыми сараптама жүргізудің тәртібі мен шарттары

9. Ғылыми сараптама жүргізудің шарттары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сараптаманы ұйымдастырушы мен ғылыми ұйым немесе сарапшы арасында жасалған азаматтық-құқықтық шартта айқындалады.

10. Ғылыми құқықтық сараптама заң жобасын әзірлеудің мынадай сатыларында:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентіне сәйкес оны Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесіне енгізгенге дейін;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің ескертулері бойынша оны пысықтау нәтижесінде заң жобасына тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Ғылыми экономикалық сараптама заң жобасын әзірлеудің мынадай сатыларында:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігімен келісілгенге дейін;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің ескертулері бойынша оны

пысықтау нәтижесінде заң жобасына тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Заң жобасының қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің дәлме дәлдігі бөлігінде ғылыми лингвистикалық сараптама заң жобасын әзірлеудің мынадай сатыларында:

1) Қаржы, Ұлттық экономика және Әділет министрліктерімен келіскеннен кейін оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізгенге дейін;

2) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және/немесе Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің ескертулерін жойғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметі оны Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізгенге дейін жүргізіледі.

11. Сараптама жүргізу туралы шешімді:

1) Қазақстан Республикасының Президенті немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы, жобаны заң шығару бастамашылығы тәртібімен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне енгізетін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі;

2) уәкілетті орган;

3) егер осы органның регламентімен немесе өзге де нормативтік құқықтық актілермен осы тұлғаларға және құрылымдық бөлімшелерге осындай құқық берілсе, әзірлеуші орган қабылдай алады.

12. Заң жобасына ғылыми сараптама жүргізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) заң жобасы оларды шешуге бағытталған проблемалық мәселелерді анықтау және сипаттау;

2) заңды қабылдау оларды шешуге бағытталған проблемалық мәселелерді шешудің барлық белгілі және тиімді, оның ішінде әртүрлі тарихи кезеңдерде, халықаралық практикада қолданылған тәсілдерін, тетіктерін, жолдарын сипаттау, сондай-ақ құқықтық қатынастардың аралас салаларын және заңды қабылдау салдары түрінде оларға әсер етуді айқындау;

3) қойылған проблемалық мәселелерді шешуге заң жобасында ұсынылатын тәсілдерді, тетіктерді, жолдарды, проблемалық мәселелерді шешудің заң жобасында ұсынылған қандай да бір тәсілдерін қабылдаудың ықтимал салдарын талдау.

13. Оны әзірлеудің әрбір сатысында ғылыми сараптама қорытындысы мәтінінің нормативтік құқықтық акт жобасының мәтініне сәйкестігіне әзірлеуші органдар жауапты болады.

5. Ғылыми сараптама жүргізу мерзімдері

14. Ғылыми сараптама 15 жұмыс күні ішінде жүргізілетін ғылыми лингвистикалық сараптаманы, сондай-ақ күнтізбелік 25 күн ішінде жүргізілетін ғылыми экономикалық сараптаманы қоспағанда, заң жобасы және оның материалдары ғылыми ұйымға немесе сарапшыға ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 15 күннен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

Әзірлеуші орган заң жобасын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен келіскеннен кейін 2 жұмыс күні ішінде оның ғылыми лингвистикалық сараптамаға ұсынылуын қамтамасыз етеді.

15. Қосымша және қайталама ғылыми сараптама заң жобасы және оның материалдары ғылыми ұйымға немесе сарапшыға ұсынылған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жүргізілуге тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің ескертулерін жойғаннан кейін заң жобасын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсесінде қарау сатысындағы ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу мерзімі әзірлеуші орган пысықталған заң жобасын қайталама ғылыми лингвистикалық сараптама жүргізу үшін ұсынған кезден бастап кемінде 2 жұмыс күнін құрауға және 5 жұмыс күнінен аспауға тиіс.

Қажет болған жағдайда ғылыми сараптама жүргізу мерзімі Қазақстан Республикасы Президентінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшылығының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің оны жүргізу қажеттігі туралы тапсырмасы болған жағдайларды қоспағанда, әзірлеуші органның және сараптаманы ұйымдастырушының келісімімен ұзартылуы мүмкін.

16. Әзірлеуші орган заң жобасын ғылыми ұйымның немесе сарапшының ұсыныстары бойынша пысықтаған жағдайда ғылыми сараптаманы жүргізу мерзімдері жаңартылған заң жобасы ұсынылған күннен бастап белгіленеді.

6. Ғылыми сараптаманы жүзеге асыратын субъектілер

17. Нормативтік құқықтық актілер жобаларының ғылыми сараптамасын ғылыми мекемелер немесе тиісті бейіндегі жоғары оқу орындары (бұдан әрі – ғылыми ұйымдар), қаралатын жобаның мазмұнына қарай ғалымдар мен мамандардың қатарынан тартылатын сарапшылар жүргізеді.

Ғылыми ұйымдар, сарапшылар ретінде басқа да мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан мамандар тартылуы мүмкін. Нормативтік құқықтық актінің жобасы ғылыми сараптама үшін шетелдік және халықаралық ұйымдарға жіберілуі мүмкін.

18. Сарапшының жоғары білімі және ғылыми дәрежесі болуға, ғылыми сараптаманың белгілі бір түрі саласында арнайы білімі, тәжірибесі болуға тиіс.

19. Ғылыми ұйым, сарапшы:

1) ғылыми сараптама жүргізу үшін қажетті, оның ішінде ғылыми сараптама жұмысын жүргізу барысында туындайтын мәселелер бойынша барлық ақпаратты, материалдарды алады;

2) орындаған жұмысы үшін сыйақы алады;

3) сараптаманы ұйымдастырушымен келісім бойынша олардың алдына қойылған мәселелер жөнінде ғана емес, сонымен қатар өз құзыреті шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларынан туындайтын өзге де мәселелер жөнінде де қорытындылар береді;

4) әзірлеуші органдардың статистикалық деректерін пайдалана алады. Егер статистика жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган мен әзірлеуші органның статистикалық деректері үйлеспеген болса, бұл сараптама қорытындысында көрсетілуге тиіс;

5) ғылыми сараптаманы жүзеге асыру кезінде, егер шартта өзгеше көзделмесе, оны орындауға үшінші тұлғаларды тартуы мүмкін.

6) нормативтік құқықтық актілердің жобаларынан туындайтын, сондай-ақ сараптаманы ұйымдастырушы оның алдына қойған мәселелер бойынша уәжді, ғылыми негізделген, объективті және толық қорытынды береді;

7) ғылыми сараптама жүргізу барысында өз кінәсінен жіберілген кемшіліктерді өз күшімен, өз есебінен және сараптаманы ұйымдастырушы белгілеген мерзімде жояды;

8) сараптаманы ұйымдастырушыға ғылыми сараптама жүргізуден күтілетін нәтижелерін алудың мүмкін еместігі немесе ғылыми сараптаманы одан әрі жүргізудің орынсыздығы туралы 1 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде хабарлайды;

9) сараптаманы ұйымдастырушыға ғылыми сараптама жүргізу барысында шеккен шығыстары туралы есепті ұсынады;

10) ғылыми сараптама жүргізу мәніне қатысты мәліметтердің, оның орындалу барысының және ғылыми нәтижелерінің құпиялылығын қамтамасыз етеді;

11) шартта белгіленген өзге де міндеттерді алады.

7. Сараптамалық қорытынды

20. Нормативтік құқықтық актінің жобасына жүргізілген ғылыми сараптаманың нәтижелері бойынша ғылыми ұйымның немесе сарапшылардың ғылыми сараптама жүргізу мәні бойынша уәжді, ғылыми негізделген, объективті және толық тұжырымдары қамтылуға тиіс сараптама қорытындысы жасалады.

21. Заң жобасына берілген ғылыми сараптамалық қорытындыда мынадай деректер көрсетілуге тиіс:

1) жалпы ережелер:

ұйым тартқан, ғылыми сараптаманы жүргізген ұйым және/немесе тұлға;

ғылыми сараптама жүргізілген ғылым салалары;
әзірлеуші орган;
ғылыми сараптаманың нысанасы мен мақсаттары;
заң жобасының атауы;
заң жобасының межелі мақсаты;
заң жобасының құрылымы;

2) заң жобасы шешуге бағытталған проблемалық мәселелерді сипаттау, оның ішінде заң жобасын қабылдаудың негізділігі мен уақтылылығын бағалау;

3) заңды қабылдау оларды шешуге бағытталған проблемалық мәселелердің шешімін табудың барлық белгілі және тиімді, оның ішінде әртүрлі тарихи кезеңдерде, шетелдік практикада қолданылған тәсілдерін, тетіктерін, жолдарын сипаттау, сондай-ақ құқықтық қатынастардың сабақтас салаларын және оларға заңнамалық актіні қабылдаудың салдары түріндегі әсерді сипаттау;

4) алға қойылған проблемалық мәселелердің шешімін табудың заң жобасында ұсынылатын тәсілдерін, тетіктерін, жолдарын, проблемалық жағдайларды шешудің сол бір немесе өзге тәсілдерін қабылдаудың ықтимал салдарын, оның ішінде ғылыми сараптаманың алдына қойылған сұрақтарға жауаптарды талдау.

22. Ғылыми құқықтық сараптаманың алдына мынадай мәселелер қойылады:

1) заң жобасының Қазақстан Республикасының Конституциясына, жоғары деңгейде тұрған нормативтік құқықтық актілерге, Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелеріне сәйкестігін тексеру;

2) заң жобасын қабылдаудың әлеуметтік, экономикалық, ғылыми-техникалық және өзге де салдарын бағалау;

3) Алып тасталды - ҚР Үкіметінің 16.07.2020 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4) заң жобасын қабылдауға байланысты қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың болуын айқындау, сондай-ақ оларды жасаудың алдын алуға оның әсерін бағалау;

5) заң жобасын қабылдауға байланысты еркектер мен әйелдердің тең құқықтарына және тең мүмкіндіктеріне қысым жасау үшін себептер мен жағдайлардың болуын айқындау;

6) заң жобасы қабылданған жағдайда нақтылауға жататын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін айқындау;

7) заң жобасы нормаларының ғылыми жағынан пысықталуының сипаттамасы , заңнамалық базаны жақсарту жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу;

8) құқықтың тиісті саласының қағидаттарына ықтимал қайшылықтарды анықтау;

9) заң жобасында қамтамасыз етілетін айқын немесе жасырын ведомстволық немесе топтық мүддені анықтау;

10) заң жобасынан туындайтын өзге де сұрақтарға жауап алу.

Ескерту. 22-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 16.07.2020 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Заң жобасының ғылыми экономикалық сараптамасының сараптама қорытындысында мыналарды көрсету қажет:

1) жалпы ережелер:

әзірлеуші орган;

ұйым тартқан, ғылыми сараптаманы жүргізген ұйым және/немесе тұлға;

заң жобасының жалпы сипаттамасы;

заң жобасының атауы;

заң жобасының межелі мақсаты;

заң жобасының құрылымы;

заң жобасының жаңалығы;

2) заң жобасы шешуге бағытталған проблемалық мәселелерді сипаттау;

3) заң жобасын қабылдау оларды шешуге бағытталған проблемалық мәселелердің шешімін табудың барлық белгілі және тиімді, оның ішінде әртүрлі тарихи кезеңдерде, халықаралық практикада қолданылған тәсілдерін, тетіктерін, жолдарын сипаттау;

4) алға қойылған проблемалық мәселелердің шешімін табудың заң жобасында ұсынылатын тәсілдерін, тетіктерін, жолдарын, проблемалық жағдайларды шешудің сол бір немесе өзге тәсілдерін қабылдаудың ықтимал салдарын талдау, оның ішінде жоба ережелерінің макроэкономикалық тиімділікке, әлеуметтік дамуға, кәсіпкерліктің дамуына, саланың және/немесе елдің экономикалық қауіпсіздігіне ықпал етуін бағалау;

5) жалпы қорытынды.

24. Ғылыми ұйым немесе сарапшы ғылыми сараптамаға бірнеше заң жобасын ұсынған жағдайда әрбір заң жобасы бойынша ғылыми сараптама жүргізіледі және қорытынды жасалады.

25. Сараптама қорытындысы ғылыми сараптама жүргізген ұйымның фирмалық бланкісінде дайындалады, ал ғылыми сараптаманы сарапшы жүргізген жағдайда қорытындыда оның тегі, аты, әкесінің аты және оның құзыреттілігі пен біліктілігін көрсететін деректер көрсетіледі.

26. Сараптама қорытындысына ғылыми ұйымның бірінші басшысы және сараптама жүргізген адамдар немесе ғылыми сараптама жүргізген сарапшы қол қояды.

27. Ғылыми сараптама қорытындылары ұсынымдық сипатта болады.

Сараптама қорытындысында заң жобасына ескертулер және/немесе ұсыныстар болған кезде әзірлеуші орган сараптама қорытындысындағы ескертулерге және/немесе ұсыныстарға келіскен жағдайда заң жобасын пысықтау туралы шешім қабылдайды.

Ғылыми сараптама қорытындысында әзірлеуші органның құзыретіне жатпайтын ескертулер және/немесе ұсыныстар қамтылған жағдайда, онда әзірлеуші орган пысықтау және тиісті ұстанымды қалыптастыру үшін оларды сараптама қорытындысында қозғалатын мәселелерді қарау құзыретіне кіретін мемлекеттік органдарға заң жобасымен бір мезгілде жібереді.

Сараптама қорытындысында қозғалатын мәселелерді қарау құзыретіне кіретін мемлекеттік органдар ғылыми сараптама қорытындысын алғаннан кейін 7 жұмыс күні ішінде берілген ескертулер мен ұсыныстарды қарау жөнінде шаралар қабылдауға және әзірлеуші органға тиісті ақпаратты ұсынуға міндетті.

28. Заң жобасы мен ол бойынша сараптама қорытындысын Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізген кезде әзірлеуші орган заң жобасы бойынша сараптама қорытындысында қамтылған ұсынымдарды қабылдамау себептерінің дәлелді негіздемелерін беруге тиіс. Әзірлеуші орган тиісті негіздемелердің көшірмесін ғылыми ұйымға немесе сарапшыға бір мезгілде береді.

8. Ғылыми сараптама жүргізуді қаржыландыру

29. Ғылыми сараптама жүргізуді қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады.

Нормативтік құқықтық
актілердің жобаларына
ғылыми сараптама
жүргізу қағидаларына
қосымша

Ғылыми экономикалық сараптамаға ұсыну үшін Қазақстан Республикасының қабылданатын заң жобалары қолданысының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі паспорт

**Паспорттың бөлімдерін толтыруға толық нұсқаулық қабылданатын заң жобалары қолданысының әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда берілген*

1. Жалпы ақпарат	
Әзірлеуші мемлекеттік орган	
Заң жобасының атауы	
	Т.А.Ә.:

2.2 Проблемалық саладағы ағымдағы жағдайды талдау және мемлекеттік реттеу

(реттелетін саланы, экономика секторын дамытудың негізгі өлшемдері, статистикалық деректердің және халықаралық рейтингтік бағалаулардың талдауын пайдалана отырып, бәсекеге қабілеттілікті бағалау, қазіргі уақытта қолданыстағы заңнама, бағдарламалық құжаттар шеңберінде проблемаларды шешу үшін қолданылатын шаралар, қол жеткізілген нәтижелер)

2.3 Заң жобасының мақсаты мен міндеттері

(заң жобасын енгізуден қажет етілетін нәтиже)

Мақсаты	(қол жеткізу үшін заң жобасы әзірленетін ұзақ мерзімді әлеуметтік және (немесе) экономикалық мақсаттарды белгілеу)
Міндеттері (мақсатқа қол жеткізілуін тексеруді жүзеге асыру үшін істердің болашақ жай-күйін айқындауға тиіс)	Міндеттерді шешу нәтижелерінің сандық-өлшемдік көрсеткіштері (міндеттерді шешу дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштер (редакциялық түзетулерді қамтитын және құқықтық оққылықтар мен коллизияларды жоюға бағытталған нормаларға қолданылмайды)
1.	1. 2. 3.
2.	1. 2. 3.
....	

2.4 Заң жобасы мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

(құжаттардың нақты ережелері мен олардың атауларын көрсете отырып, ұсынылып отырған реттеу мақсатының ҚР Президентінің жыл сайынғы жолдауларының, "Қазақстан-2050" стратегиясының, стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мақсаттарымен келісілгендігін көрсету)

Мемлекеттің стратегиялық мақсаттары	Заң жобасы мақсатының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін сипаттау
"...."	

"..."		

2.5 Реттеудің ұқсас проблемаларын шешудің халықаралық тәжірибесі

(әртүрлі елдерде реттеудің белгіленген проблемасын шешу мысалдарын сипаттау)

2.6 Заң жобасын әзірлеу кезеңінде қаралған проблеманы шешудің барлық нұсқаларын сипаттау және таңдалған нұсқаны негіздеу

(проблеманы шешудің әртүрлі нұсқаларының тетіктерін, артықшылықтарын, кемшіліктерін, іске асыру тәуекелдерін сипаттау, сондай-ақ басқа нұсқаларды қабылдамау себебін сипаттай отырып, проблеманы шешудің ұсынылған тәсілін таңдауды негіздеу)

3. Нысаналы топтар үшін пайданы және шығасыларды талдау әдісін қолдана отырып, әлеуметтік-экономикалық салдарларды талдау

(ұсынып отырған заң жобасы тікелей немесе жанама әсер етуі мүмкін нысаналы топтарды айқындау, оларға сапалық және сандық сипаттама беру, сондай-ақ олар үшін барлық күтілетін салдарды (оң және теріс) талдау)

I. Халық

Нысаналы топты сипаттау	Нысаналы топты сандық бағалау	Пайданы сапалық және сандық сипаттау	Шығасыларды сапалық және сандық сипаттау

II. Кәсіпкерлік субъектілері

Нысаналы топты сипаттау	Нысаналы топты сандық бағалау	Пайданы сапалық және сандық сипаттау	Шығасыларды сапалық және сандық сипаттау

III. Мемлекет

Нысаналы топты сипаттау	Нысаналы топты сандық бағалау	Пайданы сапалық және сандық сипаттау	Шығасыларды сапалық және сандық сипаттау

*осы бөлімдерге арналған ықтимал есептердің мысалдары Әдістемелік ұсынымдардың 3-бөлімінде болады

4. Іске асыру тәуекелдері

(заң жобасын іске асыру кезінде оның мақсаттарына қол жеткізуге кедергі жасайтын теріс салдарлар, әлеуетті күрделіліктер, мән-жайлар)

5. Заң жобасының мақсаттары мен міндеттеріне қол жеткізу құралдары

(Қол жеткізу құралдары және бекітілген бюджеттік бағдарламалар шеңберінде болжамды сома, бекітілген сомадан артық қосымша қаржыландыру немесе басқа да көздерден бөлінген қаражат көрсетіледі. Бұл ретте қаржыландыру көздері: республикалық, жергілікті бюджеттер, Ұлттық қор және өзге де көздер, сондай-ақ салық мөлшерлемелерінің және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің күші жойылған немесе төмендетілген жағдайда бюджет шығыны, салық жеңілдіктерін енгізу, шегерімдер және басқалары көрсетіледі)

	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Ұлттық қор	Өзге де көздер (көздердің атауы)
Жоспарланған бюджет бағдарламасы шеңберіндегі сома (атауы)				
Бюджеттен қосымша бөлінген қаражат сомасы				
Басқа да көздерден бөлінген сома				
Бюджет шығыны				

6. Заң жобасын қоғамдық талқылау нәтижелері

7. Қосымша

(талдау нәтижелерін суреттермен безендіруге арналған қосымша материалдар)

Т.А.Ә. _____
(заң жобасын әзірлеуші мемлекеттік органның жетекшілік
ететін басшысы орынбасарының қолы)

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 31 тамыздағы
№ 497 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Норма шығармашылығы қызметін жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., № 16, 172-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 4 қыркүйектегі № 898 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 36, 363-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 3 қарашадағы № 1096 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2005 ж., № 40, 559-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 14 ақпандағы № 99 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 наурыздағы № 217 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 9, 105-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № 822 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 29, 255-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 30 мамырдағы № 598 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 15 қаңтардағы № 13 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 6, 82-құжат).

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 12 қарашадағы № 1198 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 60, 594-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағының 2) тармақшасы.

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 5 сәуірдегі № 359 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 29, 364-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағының 1) тармақшасы.

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 27 мамырдағы № 590 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 40, 506-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 сәуірдегі № 333 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2013 ж., № 24, 389-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағы.

12. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 мамырдағы № 541 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының

ПҮАЖ-ы, 2013 ж., № 35, 521-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

13. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 2-тармағы.

14. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне және "Заң шығару қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 2 ақпандағы № 15-ө өкіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 1401 қаулысымен бекітілген (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2014 ж., № 83-84, 722-құжат) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағы.